

Білім беру мекемелерінің білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензия беру тәртібін, білім беру мекемелерін бітіргені және білім беру қызметін лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптары туралы құжаттарды беру тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 26 қыркүйек N 1174. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.04.18. N 596 қаулысымен. ~P000596

Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Білім беру туралы", "Жоғары білім беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Z952200_ Заң күші бар Жарлығына, "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 K952201_ қаулысына және "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 P951894_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Білім беру мекемелерінің білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензия беру тәртібі.

Білім беру мекемелерін бітіргені туралы құжаттар беру тәртібі.

Білім беру қызметін лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі бір айлық мерзімде ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан оқу орындарын лицензиялауды, аттестациялауды және тіркеуді жүргізу үшін бірыңғай нормативтерді, Үлгілік ережелерді (нұсқаулықтар, регламенттер) әзірлесін және бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі және иелігінде оқу

орындары бар басқа министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдар оқу орындарының білім беру қызметін лицензиялау мәселелері бойынша бұрын қабылданған нормативтік актілерін осы қаулыға сәйкес келтірсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 26 қыркүйектегі
N 1174 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Білім беру мекемелеріне білім беру қызметін жүргізу
құқығына лицензия берудің
ТӘРТІБІ

1. Оқу орындарының білім беру қызметін лицензиялау (бұдан әрі - лицензиялау) - Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру мекемелерінің білім беру қызметін жүргізуге арналған рұқсаты.

2. Ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан нақтылы мамандықтар бойынша білім туралы құжаттар беру құқығымен орта, арнаулы орта және жоғары білім беретін барлық оқу орындары және олардың филиалдары мен өкілдіктері лицензиялауға жатады.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында білім беру қызметін жүзеге асырушы шетелдік оқу орындары және олардың филиалдары мен өкілдіктері де Қазақстан Республикасының оқу орындарындай осындай шарттар мен осы тәртіпте лицензиялауға жатады.

3. Оқу орындары (бұдан әрі - лицензиат) мынадай органдарда: орта білім беретін оқу орындары - облыстық, қалалық (астаналар мен республикалық маңызы бар қалалар) білім беру басқармаларында (д е п а р т а м е н т т е р і н д е) ;

нақтылы мамандықтар бойынша жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындары - Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне лицензияланады.

4. Баспаханалық тәсілмен дайындалатын есептік сериясы мен нөмірі бар, қатаң есеп беру құжаттары болып табылатын лицензия нысандары мен оған қоса берілетін лицензиялау кәртішкелерден тұрады.

5. Білім беру қызметіне арналған лицензиялау ақылы негізде жүргізіледі. Лицензиат лицензиялық алымды лицензиялауға дейін белгіленген мөлшерде енгізеді. Лицензия беруден бас тартқан жағдайда лицензиялық алым қайтаруға ж а т а д ы .

6. Білім беру қызметіне арналған құқық және Қазақстан Республикасының заңдарымен берілетін тиісті жеңілдіктер білім беру мекемелерінде оларға

лицензия берілген күннен бастап пайда болады және оны қайтарып алған сәтте немесе заңда белгіленген тәртіппен ол жарамсыз деп танылғанда тоқтатылады.

7. Лицензиат лицензиялау үшін оқу жылы басталғанға дейін төрт айдан кешіктірмей лицензияларға тізбесі заңдармен айқындалатын қажетті құжаттарды және де тізбесін Қазақстан Республикасының Білім министрлігі белгілейтін білім беру қызметін жүргізу үшін қойылатын біліктілік және нормативтік талаптардың сақталуын растайтын басқа да құжаттарды беруге тиіс. Бұл талаптар жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен айқындалады және ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан барлық оқу орындарынан бірдей дәрежеде талап етіледі.

8. Білім беру қызметінің субъектілері болып табылатын оқу орындарының және олардың филиалдары мен өкілдіктерінің лицензиясыз білім беру қызметін жүзеге асыруы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады, Лицензиясыз білім беру қызметін жүзеге асырудан түскен пайда соттың шешімі бойынша тиісті бюджетке алынуға жатады.

9. Білім беру басқармасының мемлекеттік органы лицензиаттың барлық қажеті құжаттарымен өтініші тіркелген күннен бастап бір айдан кешіктірмей оған лицензия беруге немесе оны беруден дәлелді бас тартуды білдіруге тиіс.

Құжаттар толық көлемде ұсынылмаған немесе олардың біліктілік және нормативтік талаптарға сәйкессіздігі жағдайында лицензиаттың өтініші қаралуға жатпайды. Лицензиат аталған кемшіліктерді жөндеген кезде өтініш жалпы негізде қаралады.

10. Жаңадан ашылған оқу орнына лицензия берген кезде лицензиалардың оқу жылы ішінде лицензиат қызметінің Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкестігіне кешенді тексеру жүргізуге құқығы бар.

11. Лицензия Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын бұзған жағдайларда қайтарып алынуы мүмкін.

12. Білім беру мекемелері білім беру қызметін мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде оның құрылтайшыларына оқушылардың, студенттердің және олардың ата-аналарының алдында материалдық және моральдық шығындарды өтеу жөнінде жауапкершілікте болады. Білім беру мекемелерінің құрылтайшылары мұнымен бірге оқушылар мен студенттердің басқа сәйкес үлгідегі білім беру мекемелерінде оқуын жалғастыруын қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауға міндетті.

13. Білім беру басқармалары органдарының лицензия беруден бас тарту немесе оны қайтарып алу туралы шешімдеріне бір ай мерзімде сот тәртібімен шағымдануы мүмкін.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің
1996 жылғы 26 қыркүйектегі
N 1174 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Білім беру мекемелерін бітіргені туралы
құжаттарды берудің тәртібі

1. Қай ведомствоға жататынына және меншік нысанына қарамастан (оның ішінде шетелдік те) лицензияланған білім беру қызметін жүзеге асырушы барлық білім беру мекемелері және олардың филиалдары мен өкілдіктері бітірушіге білім туралы тиісті құжат беруге міндетті.

2. Қай ведомствоға жататыны және меншік нысанына қарамастан аттестацияланған оқу орындарының бітірушілеріне мемлекеттік үлгідегі құжат олардың білім деңгейінің Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігі шарттарына сай беріледі.

3. Жеке меншік (мемлекеттік емес) оқу орындарында білім алған адамдардың, құрамын Қазақстан Республикасының Білім министрлігі (немесе тиісінше облыстық (қалалық) білім беру басқармалары) бекіткен Мемлекеттік біліктілік комиссиясы жүргізетін ақылы мемлекеттік аттестациядан өтуге құқығы бар.

4. Жеке меншік (мемлекеттік емес) оқу орындары мемлекеттік аттестациядан өтуге тілек білдірмеген бітірушіге білім туралы өз үлгісіндегі құжат бере алады.

5. Білімі туралы мемлекеттік құжат үлгілерінің Қазақстан Республикасының барлық аумағында күші бар және танылады. Білімі туралы құжаттар түрлерін Қазақстан Республикасының Білім министрлігі бекітеді.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің
1996 жылғы 26 қыркүйектегі
N 1174 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары

Білім беру қызметі саласындағы жұмыстар түріне орта, орта арнаулы және жоғары білім беру саласындағы қызметтер енгізіледі.

"Білім беру туралы" және "Жоғары білім беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес білім беру мекемелеріне қойылатын негізгі біліктілік талаптары ведомстволық бағыныстылығы мен нысанына қарамастан, түрлі үлгідегі білім беру мекемелері түлектеріне қойылатын төменгі талап деңгейін айқындайтын жалпыға бірдей міндетті стандартты сақтау болып табылады. Оқу орындарының жұмысқа арналған оқу жоспары мен бағдармалары түрлі үлгідегі оқу орындары мен түрлі

мамандықтар үшін Білім министрлігі бекіткен жалпыға бірдей міндетті стандарттарға сәйкес әзірленуі тиіс.

Білім беру қызметін жүзеге асыруға лицензия алу құқығына, сондай-ақ мынадай біліктілік талаптарына жауап беретін заңды тұлғалар ие бола алады.

Орта білім саласында

Толық емес орта мектеп:

бір сыныпқа 25-30 оқушы қабылдау;

жоғары және бірінші санатты мұғалімдер үлесі-50-60 процент;

мектеп үйінің күндіз оқитын бір оқушыға келетін жалпы алаңы 3-4 шаршы метр;

оқушылардың аталған контингентіне оқулық кітаптар қорының қатынасы 15-20 басылым бірлігі;

бейімдік орта мектеп (9-11 сыныптар, гимназия, лицей, кәсіптік-техникалық мектеп, инновациялық мектептер):

бір сыныпқа қабылданатын оқушы саны 20-25;

жоғары және бірінші санатты мұғалімдер үлесі-70-80 процент;

мектеп үйінің күндіз оқитын бір оқушыға келетін жалпы алаңы 4-5 шаршы метр;

оқушылардың аталған контингентіне оқулық әдебиеттер қорының қатынасы 25-30 басылым бірлігі.

Орта арнаулы білім беру саласында
Колледждер:

бірінші курсқа қабылданатын оқушы саны кем дегенде 100;
күндізгі оқыту нысанына келтірілген студенттер контингенті, бір
оқытушыға 14 (он төрт) адамнан аспайтын есеппен;
жоғары және бірінші санатты оқытушылар үлесі кем дегенде 50
процент;

гуманитарлық колледждердің оқу үйінің күндіз оқитын бір оқушысына
келетін жалпы алаңы кем дегенде 5 шаршы метр, техникалық колледждерде кем
дегенде 6 шаршы метр, медициналық колледждерде кем дегенде 4 шаршы метр;

оқытушылардың аталған контингентіне оқулық әдебиеттер қорының
катынасы кем дегенде 40 басылым бірлігі.

Жоғары білім беру саласында
Университет, академия:

бірінші курсқа қабылдау кем дегенде 400 адам;
күндізгі оқыту нысанына келтірілген студенттер контингенті, бір
оқытушыға 10 (он) адамнан аспайтын есеппен;
ғылыми дәрежесі және атағы бар штаттық оқытушылар кем дегенде
30 процент;
бір студентке келетін пайдалы оқу алаңы кем дегенде 9 шаршы метр;
бір студентке келетін толық оқыту циклына арналған оқулық,
ғылыми әдебиеттер кем дегенде 140 басылым бірлігі.

Институт:

бірінші курсқа қабылдау кем дегенде 300 адам;

күндізгі оқыту нысанына келтірілген студенттер контингенті (гуманитарлық,
медициналық және техникалық институттар), бір оқытушыға 10 (он) адамнан

аспайтын

есеппен;

ғылыми дәрежесі және атағы бар штаттағы оқытушылар 25 процент;
бір студентке келетін пайдалы оқу алаңы гуманитарлық институтқа

кем дегенде 7 шаршы метр, техникалық және медициналық институтқа кем
дегенде 8 шаршы метр;

бір студентке келетін толық оқыту циклына арналған оқулық,
ғылыми әдебиеттер кем дегенде 100 басылым бірлігі.

Жоғары колледж:

бірінші курсқа қабылдау кем дегенде 200 адам;
күндізгі оқыту нысанына келтірілген студенттер контингенті, бір
оқытушыға 12 (он екі) адамнан аспайтын есеппен;
ғылыми дәрежесі және атағы бар штаттағы оқытушылар кем дегенде
20 процент;
бір студентке келетін пайдалы оқу алаңы кем дегенде 7 шаршы метр;
бір студентке келетін толық оқыту циклына арналған оқулық,
ғылыми әдебиеттер кем дегенде 50 басылым бірлігі.

Ескерту. Шығармашылық мамандықтарға, әскери, халықаралық,
автономиялық оқу орындарына, сондай-ақ мемлекеттік жоғары оқу орындары
базасында жұмыс істейтін мемлекеттік емес оқу орындарына біліктілік
талаптарын қойған кезде олардың өзіндік ерекшеліктері оқушылар контингентін
құрастырған кезде ескерілуі мүмкін.